ҚР ІІМ Басқару академиясы
бастығының міндетін атқрушысының
2025ж. «01» 10
№85 бұйрығына қосымша 2

Оқу-әдістемелік кеңес туралы ЕРЕЖЕ

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу-әдістемелік кеңес туралы ереже (бұдан әрі-Ереже) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына, «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысының 15-тармағы 93) тармақшасына, «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының алқалы басқару органдары жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 157 бұйрығына (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар), Оқу-әдістемелік кеңестің қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайтын «Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының оқу-әдістемелік кеңесі (бұдан әрі-ОӘК) алқалы басқару органы болып табылады.

3. ОӘК өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Үлгілік қағидаларды, Академия жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

4. ОӘК қызметіне жалпы басшылықты Академия басшысының орынбасары жүзеге асырады, сонымен бірге оның төрағасы болып табылады.

2 тарау. Негізгі міндеттері мен құқықтары

5. ОӘК негізгі міндеттері:

1) академиялық, инновациялық қызметтің негізгі мәселелері бойынша қарастыру, талқылау және шешім қабылдау;

2) оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету сапасының мониторингін ұйымдастыру;

3) білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;

4) оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жетілдіру бойынша озық тәжірибені жинақтау және тарату;

5) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау және аттестаттау жүйесін жетілдіру, оқу процесінің мазмұнын талдау;

6) оқытудың жаңа технологияларын, әдістерін, құралдарын енгізу және қолданыстағыларын жетілдіру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

7) білім беруді дамыту және оны іске асыруда басым бағыттарды қалыптастыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

8) ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;

9) қол жеткізілген нәтижелерді бағалау және қажет болған жағдайда түзету шараларын қабылдау болып табылады.

6. ОӘК өз құзыреті шегінде:

1) құрылымдық бөлімшелердің оқу процесін, оқу-әдістемелік жұмысын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) Академияның құрылымдық оқу бөлімшелерінің Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нормативтік құжаттарын, Академия бастығының бұйрықтарын орындауын бақылауға;

3) Академияның барлық құрылымдық бөлімшелерінен өз міндеттерін іске асыру үшін қажетті ақпаратты сұратуға және алуға құқылы.

3 тарау. Қызметтің негізгі бағыттары

7. ОӘК қызметінің негізгі бағыттары:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларының талқылауды ұйымдастыру;

2) пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын (силлабустарды) талқылау және бекіту;

3) оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін қарау;

4) білім беру процесін жетілдіру, білім беру ұйымдарын әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды талқылау;

5) оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және педагог қызметкерлерге практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстың әртүрлі нысандарын енгізу мәселелерін қарау;

6) білім алушылардың біліміне аралық және қорытынды бақылау жүргізу нысандары мен тәртібін талқылау

4 тарау. Қызметті ұйымдастыру

8. ОӘК факультеттердің, кафедралардың, бөлімдердің өкілдерінен, құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан құрылады. ОӘК құрамы Академия бастығының бұйрығымен бекітіледі. ОӘК құрамына ОӘК отырысында қаралған ұйымдастыру штаттық өзгерістер болған жағдайда күнтізбелік жыл ішінде өзгерістер енгізілуі мүмкін.

9. ОӘК құрамы жеті адамнан кем болмауы тиіс.

10. ОӘК төрағасы мен оның орынбасары ОӘК мүшелері арасынан көпшілік дауыспен сайланады. Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін орынбасары атқарады.

11. Хатшы ОӘК отырысында оқу жылының басында ашық дауыс беру арқылы сайланады және іс қағаздарын жүргізуге жауапты болады.

12. ОӘК жұмысы ОӘК отырысында талқыланған және Академия бастығының орынбасары бекіткен оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

13. ОӘК отырысы айына кемінде 1 рет өткізіледі, қажет болған жағдайда кезектен тыс отырысқа жол беріледі.

14. ОӘК отырысында қаралған мәселелердің нәтижелері бойынша қатысып отырған мүшелердің көпшілік даусымен шешімдер қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Отырыстың хаттамасын ОӘК хатшысы отырыстан кейін 3 жұмыс күні ішінде жасайды. Хаттамаға келу парағына сәйкес ОӘК төрағасы, хатшысы, мүшелері қол қояды. ОӘК шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

15. ОӘК отырысының шешімі, егер отырысқа оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

16. ОӘК төрағасы жылына бір рет Академияның Ғылыми кеңесі алдында қызметінің нәтижелері туралы есеп береді.

17. ОӘК мүшелері Кеңестің барлық отырыстарына қатысуға, оның жұмысына белсенді қатысуға, өзіне жүктелген тапсырмаларды уақтылы және дәл орындауға тиіс.

Ғылыми кеңес отырысында талқыланды және мақұлданды
2025 ж. «30» 09 №2 хаттама